ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МАҢҒЫСТАУ ОБСЫ
ҚАРАҚИЯ АУДАНЫ
«ТҰРМЫС-СЕРВИС»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
КӘСІПОРЫНЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
МАНГИСТАУСКАЯ ОБЛАСТЬ
КАРАКИЯНСКИЙ РАЙОН
«ТУРМЫС-СЕРВИС»
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ

Индекс: № 130300, с. Курык ул. С.Алиева "Автодор"
8 (72937) 2-13-69, 2-17-08 e-mail: turmis_servis@mail.ru

Бұйрық № 68-нқ **«**16**»** 10 **2025 ж.**

«Бір өзден сатып алу» туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабының 1) – тармақшасына сәйкес және Қарақия аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің 16.10.2025 жылғы №74 бұйрығын негізге ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жоспарына өзгеріс енгізіліп және жариялау, атап айтқанда ауыз су жеткізу қызметтерін «бір көзден» сатып алу тәсілімен «Алека» ЖШС-мен шарт жасасу көзделсін.

2. Аталған бұйрықты орындау кәсіпорынның мемлекеттік сатып алу маманы Б.Нукеновке жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау өзіме қалдырылсын.

Негіз: Қарақия аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің 16.10.2025 жылғы №74 бұйрығы негізінде.

Директордың м.а. **А.К.Нурмаганбетов**

«ҚАРАҚИЯ АУДАНДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫ КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «КАРАКИЯНСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА, ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

16.10.2025 № 74

Құрық ауылы

село Курык

Су өндіруші және жеткізуші кәсіпкермен келісімшарт жасақтау

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабының 1) – тармақшасына сәйкес және Қарақия ауданының прокуратусының 15.10.2025 жылғы №2-1104-25-00558 санды хатын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Ауыз су өндіруші және жеткізуші кәсіпкер «Алека» ЖШС мен «Тұрмыс-Сервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны арасында бір көзден сатып алу тәсілі арқылы екі жақты келісімшарт жасақталсын.

2. Осы бұйрықтың орындалысын жүргізу А.Нурмагамбетовке жүктелсін.

2. Осы бұйрықты бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы **С.Шапағат**

000907

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ

ҚАРАКИЯ АУДАНЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ

130300, Маңғыстау облысы, Қаракия ауданы,
Құрық кенті, Суеов көшесі, №8
тел.: 8 (72937) 2-14-31, факс: 8 (72937) 2-11-46
www.mng.prokuror.kz

ПРОКУРАТУРА
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ПРОКУРАТУРА
КАРАКИЯНСКОГО РАЙОНА

130300, Мангистауская область, Каракиянский район,
село Курык, улица Суеова, №8
тел.: 8 (72937) 2-14-31, факс: 8 (72937) 2-11-46
www.mng.prokuror.kz

15.10.2025 № 2-1104-25-00558

Қарақия ауданының әкімі
С.Қ. Төретаевқа

Мемлекет басшысы прокуратура органдарына инвестициялық жобаларды **сүйемелдеуге**, олардың **құқықтары мен мүдделерін қорғауды** тапсырды.

Аудандық инвесторлар қатарына жатқызылған «Алека» ЖШС-нің Құрық селосында тәулігіне кемінде **10 000 м³** су тұщыту қуаттылығы бар су тұшыту зауытын ашылуы жоспарлануда.

Анықтама: Серіктестік тұщытылған ауыз суды 1 м³ үшін 395 теңге (ҚҚС қоспағанда) бағасымен ұсынуға және Қарақия ауданын ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз етуге толық дайын.

Инвестормен кездесу барысында су тұшыту зауытының қызметіндегі кедергілер пысықталды.

Атап айтқанда, Маңғыстау облысының Су ресурстары және ирригация басқармасының мәліметіне сәйкес, «Каспий» Су тұщыту зауыты **17.10.2025** жылдан бастап жұмысын тоқтату жоспарланған («Қолданыстағы Б1, Б2 сұйыққоймаларын және олардың іргетастарын бөлшектеп, теңіз суын сақтауға арналған 2 дана 700 м3 көлемдітік болат резервуарларды монтаждау» жұмыс жобасы түзету» жұмыс жобасы басталғандығына байланысты).

Бұл өз кезегінде, Құрық ауылының сумен қамтамасыз етілуі тоқтатылып, тұрғындар арасында **қоғамдық саяси ахуалдың** орын алуына себеп болатыны жоққа шығарылмайды.

Өзіңізге белгілі «Алека» ЖШС-нің су тұщыту зауыты Қарақия ауданындағы оның ішінде Құрық ауылындағы ауыз су өндіретін және жеткізетін **жалғыз кәсіпорын.**

Анықтама: Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 1)-тармақшасына сәйкес, шартты тікелей жасасу арқылы **бір көзден алу тәсілімен** мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) табиғи **монополия салаларына** жататын көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ энергиямен жабдықтаудың көрсетілетін қызметтерін сатып алу немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымнан электр энергиясын сатып алу-сату;

Одан бөлек осы баптың 3)-тармақшасына сәйкес, дағдарыстық ахуалдарды, төтенше ахуалдардың немесе **төтенше жағдайлардың салдарларын болғызбау**, оқшаулау және (немесе) жою;

коммуникациялардың, механизмдердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың жүру жолында дереу қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартты тікелей жасасу арқылы **бір көзден алу тәсілімен** жүзеге асырылады.

Документ подписал: Аманқул Сержан Құттымұратұлы, 15.10.2025 12:32:48
ИС «Қадағалау» 20171213

Жоғарыда аталғандарды, қоғамдық саяси ахуалдың өршуін және «Алека» ЖШС аудандағы ауыз су өндіретін және жеткізетін жалғыз кәсіпорын екенін ескеріп, «ТұрмысСервис» кәсіпорнымен ауыз су жеткізу жөніндегі шартты созбаланға салмай бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыруға шаралар алуды қарастыру қажет.

Атқарылған шаралар нәтижесі туралы **20.10.2025 жылға** дейін аудан прокуратурасын ақпараттандыру сұралады.

Аудан прокуроры **С. Аманқұл**

орынд. Б. Карленов
тел:8701 094 00 09